

Жұмабаева Ж.К.

БЕЙБАРЫСТЫҢ – БЕРІШ РУЫНА ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Жұмабаева Ж.К.

СВЯЗЬ СУЛТАНА БЕЙБАРС С РОДОМ БЕРИШ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Zh.K. Zhumabaeva

**THE RELATIONSHIP OF THE SULTAN BEIBARS ORIGINATING FROM
BARISH: HISTORICAL ANALYSIS**

УДК:01(09)(043.3)

В настоящей статье автор пытается научно обосновать этническую связь султана Бейбарса кипчакского происхождения с казахским родом берши, на основе теории Гумилева и методов системного и панорамного анализа.

In present clause author tries scientifically to prove ethnic communication(connection) of the sultan Beibarus kipshak of an origin with Kazakh it come berish, on the basis of the theory Gumilive both methods of the system and panoramic analysis.

Ежелгі өркениет ошағы – Египетті (Мысыр) 1260-1277 жылдары мамлюк әулетінен билеген, әлемге әйгілі тарихи тұлға – Бейбарыс сұлтанның Дешті-Қыпшақ ұланы екендігі, соның ішінде XI-XIII-ғасырларда Каспий аймағын мекендеген, 92 баулы (ру) Қыпшақ конфедерациясына кіретін Беріш руының өкілі екендігі ғылымға белгілі болғалы біраз уақыт болды. Алайда шетелдіктерді айтпағанда, Қазақстан көлемінде ғана емес, осы Атырау аймағы қазақтары арасында да оның Кіші жүздің Беріш тайпасы өкілі екендігіне сенбестік білдіретіндер көп. Осыған тарихи тұрғыдан түсініктеме беру тарихшылардың міндеті. Бұл мәселені тарихи салыстырмалы талдау және тарихи панорамалық әдістерін пайдалану арқылы пайымдауға ұмтылыс жасалған.

Бейбарыс туралы араб тарихшылары да, Еуропа тарихшылары да жазды. **Арабтар** Бейбарыстың өмірбаянына сүйене отырып, оның шыққан тегі –Каспий теңізі жағалауын мекендеген **қыпшақтың бурджоглы** тайпасы деп, сол кезеңде Египеттің Алтын Орда хандарымен тығыз байланыс жасағанын жазса, **европалық тарихшылар үшін** Бейбарыс - Крест жорықтарының тарихында әлемге танылған тұлға. Европалық тарихшылар Бейбарысты XI-XIII ғасырлардағы ислам мен христиандық діндер қайшылығында **исламды сақтап қалған тарихи тұлға** деп қарастырады[1].

Бейбарыстың тарихи тұлғасы және өмірбаяндық деректері француз шығыстанушысы А.И.Сильвестер де Саси (1758-1838), неміс ғалымы - К.Беккер (1876-1933), еврей тарихшысы -А.Поляк, француз шығыстанушысы - Клод Коэн, американдық ғалым- В.Поппер, Египет ғалымдары - А.Буйуми, А.Хасан, М.Судур және Сириялық А.Даррак еңбектерінде көрініс тапқан. Олар

Мәмлүк династиясы билігіндегі Египет туралы Еуропаға тараған алғашқы зерттеулер болды.

Мәмлүк Египетіне қатысты дерек көздерін орыс тіліне аудару және оны зерттеу ісімен белгілі орыс шығыстанушысы,тарихшы В.Г.Тизенгаузен XIX ғасырдың соңында айналыса бастады. Ол 1884 жылы екі томдық «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» атты жинақ құрастырып, онда аса көрнекті ортағасырлық араб, парсы авторларының шығармаларын орыс тіліне аударып, түпнұсқасымен қоса жариялады [2] . Бұл жинақ әлі күнге дейін өзінің ғылыми құндылығын жоймаған іргелі еңбек болып есептеледі.

Кеңес заманында ортағасырлық Египет, Таяу Шығыс, Византия тарихына қатысты жазылған М.М.В.Левченко, Б.Н.Заходер, Н.В.Пигулевская сияқты авторлардың еңбектеріндегі Мәмлүк Египетіне қатысты құнды деректер Бейбарыстың тарихи тұлғасын сомдауға ықпал етті. 1960-1970 жылдар арасында аса көрнекті египтолог ғалым Л.А.Семенова, тарихшы С.Закиров, ағылшын ғалымы К.Э.Босворт[3] еңбектерінде Мәмлүк Египетінің тарихы тереңдетіле зерттеліп, ғылыми айналымға тың деректер қосылды.

Алайда араб тарихшылары да, европалық тарихнама өкілдері де Бейбарыстың әлемдік тарихтағы қызметін ғана бағалайды да, оның шыққан тегіне, билікке келгенге дейінгі тарихына онша мән бермейді. Мұнда да мәселе тарихи шындықтың толық айтылмауына кеп тіреледі. Құлдыққа түскен бала Бейбарыстың Египеттегі сұлтан денгейіне көтерілу себептерін айқындау сол кезеңдердегі әлемдік тарихтың түркілердің билігінде болғанын мойындауға әкелер еді. Сондықтан Бейбарыс туралы жазылған зерттеулердің тар шеңберде жазылып, тарихи шындықты толық ашпауы евроцентристік методологияның салдары деп түсіну қажет.

Бейбарыс сұлтанның Дешті Қыпшақ өкілі екендігі орыс буржуазиялық тарихнама өкілдері тарапынан да мойындалмай отыр. Өйткені орыстар Алтын орданың әлемдік маңызы бар мемлекет ретінде Ресейге қатыстылығымен мақтанғанмен, оның этникалық негізінің түркі халықтары болғанын мойындамай, моңғолдық факторды алға тарта береді. Және шындықты бүркемелеу үшін моңғол мен түркілерді бір –біріне

байланысы жоқ, тарихи тағдырлары ешуақытта тоғыспаған, бүгінде тарихтан із-түзсіз жоғалған халықтар деп көрсетуден танбады. Орыс мемлекетінің түп тамырларының Алтын Орда мен Алтын Ордаға дейінгі Еуразия көшпенділерінің мемлекеттік құрылымдарымен, оның ішінде, Дешті-Қыпшақпен тығыз байланыстылығын мойындағысы келмеді. Оны еуразия көшпенділерінің орыс тарихымен тығыз байланыстылығы туралы кесек пікір айтқан тарихшы - ғалым Л.Гумилевтің тағдыры дәлелдей алады.

Осылайша, Бейбарыстың тарихи тұлғасының қазақ халқының өткенімен байланыстылығы Ресей тарихшылары тарапынан ашылған жоқ. Бейбарысты Ресей тарихшылары орыс дейді. Мамлюк әскерлері қыпшақтар мен орыстардан құралғандығы туралы пікірін Г.В.Вернадский: «Алтын Орда мен Египет арасындағы қатынастар достық сипатта болды. Бұрынғы кездегідей қыпшақтар мен орыстардың көпшілігі Египетке құл күйінде немесе қосымша әскерлердің құрамы ретінде жіберіліп отырды. Олардың бәрі ислам дініне өтті. Жәнібек хан тұсында орыс әскерінің біреуі Египетте үлкен жеңістікке жетіп, әмір болды. Оның аты шығыс деректерінде Бейбуга рус деп аталды»-деп тұжырымдайды[1].

Қазақ тарихшылары мен филологтары арасынан Мысыр мәмлүктері мәселесін жанамалап болса да, зерттеген Б. Көмеков, Ә.Марғұлан, М.Мұқанов, В.Востров, С.Ақынжанов, С.Аманжоловтар[4]. С.Аманжолов, Ә.Кекілбай Бейбарыс өміріне қатысты деректерді «Тұла бойы тұнған жұмбақ тұлғаға» енгізді. С.Абдрахмановтың аудармасымен арабтың ортағасырлық халықтық романы «Аз-Захир Бейбарыс сұлтанның ғұмырнамасы» жарық көрді. Белгілі арабтанушы – ғалым, профессор Ә.Дербісәлиев «Араб әдебиеті» атты зерттеу еңбегінде Бейбарыстың өмірі мен ол туралы жазылған арабтың халықтық романындағы деректерді 1982 жылы жариялады.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ халқының өткені мен бүгінгі және болашағы туралы іргелі зерттеулерге жол ашылып, тарихи тұлғаларға назар аударылды. Осыған байланысты қазақстандық тарихшылар Қазақстан өкіметінің Египетпен тығыз дипломатиялық, мәдени байланысы негізінде Бейбарыстың тарихи тұлғасын зерттеуге мүмкіндік алды. Сөйтіп, 1260-1277 жж. Египет сұлтаны болған Бейбарыстың қазақ халқының тарихымен байланыстылығы зерттеле бастады.

Кейінгі жылдарда республикалық баспасөз бетінде Бейбарыс туралы жазушылар - Т.Жұртбаев, А.Нысаналин, Е.Қыдыр, Ә.Мақсұтұлы, М.Есламғалиұлы және Қ. Сақидың мақалалары жарық көрді, олардың танымдық мәні басым болғанына қарамастан тарихи зерттеулерге түрткі боп, қоғамдық тарихи сананы оятқаны ақиқат. Бейбарысқа қатысты соңғы зерттеулердің бірі Батыршаұлы Бақыттының 2002 ж. жариялаған

«Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешті Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.» деген зерттеуі бар[5].

Бейбарыс бабамыз туралы зерттеулерге Атырау топырағының төл перзенттері де атсалысты. Бейбарыстың ұрпағына мақтан тұтарлық тарихи тұлға, айбынды баба боп оралуына мемлекет қайраткері, жерлесіміз И.Н. Тасмағамбетов көп еңбек сіңірді. Атыраулық автор Б.Қарашиннің

«Бейбарыс: эпоха и личность» атты публицистикалық еңбегі Бейбарыс тұлғасын тарихи тұрғыдан сомдауға арналған. Орыс тілінің маманы, ақын жерлесіміз - Б.Қарашиннің, Бейбарыс тұлғасын оның өмір сүрген дәуіріндегі тарихи оқиғалармен, қазақ халқының өткен тарихымен, этногенезін құраған тайпалар туралы жаңаша тұжырымдармен байланыстыра зерттеуі Бейбарыс тұлғасына қызығушылықты арттырды. Бейбарыстың тұлғалық және тарихи ролі туралы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, гуманитарлық факультетінің тарихшы, филолог ғалымдары Қ.Ө. Жүсіп пен Ғ.Н. Нығмет те қалам тартты [6].

Бейбарыстың тұлғасын тарихи тұрғыдан зерделеу аса қажет және өте күрделі. Бейбарыстың Қыпшақ ұланы екендігін дәлелдеу XIII ғасырдағы **Дешті Қыпшақтың тарихи жағдайымен және әлемдік тарихтың дүрбелең оқиғаларымен** тығыз байланысты. Ол үшін Қыпшақ елінің негізін қалайтын негізгі ру-тайпалар туралы тарихи мәліметтерді екшеу, таразылау, салыстырмалы-логикалық пайымдау сияқты ғылыми-танымдық әдістермен қатар, әлемдік тарих пен саясаттағы түркілік мемлекеттердің IX-XIII ғғ. тарихын да саралау қажет.

Себебі Бейбарыстың қазаққа қатыстылығын дәлелдеудің ең қиыны – ол өмір сүрген кезде қазақ деген халықтың әлі тарих сахнасына шықпауына байланысты. Осы орайда біз бір нәрсенің басын нақты ашып алуымыз қажет: шындығында, XIII-ғасырда қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген, кейін қазақ халқының этногенезін құраған тайпалар, әртүрлі түркілік мемлекеттер құрамында болды. Олардың арғы тарихына экскурс жасасақ, Қытайдың солтүстігінен Қара теңіз бен Дон, Днепр өзендері аралығына дейін жайлаған барлық түркі ұлыстары Y-YIII-ғғ. Түрік қағандығы құрамында болып, қағандық ыдырағаннан кейін әртүрлі бытыраңқы мемлекеттер мен ұлыстарға бөлінді.

Бұрынғы біртұтас Түркі әлемі IX-XIII ғғ. саяси бытыраңқылық жағдайға көшті: ежелгі түркілердің отаны - Моңғолия мен Қытайдың солтүстігінде сан-алуан ру-тайпаға бөлінген түркілер өмір сүріп жатты(XIII-ғасырда олардың басын құраған Шыңғысхан болды).Одан батысқа қарай қазіргі Қазақстан жерінің солтүстігі мен орталығы және батысында – **Оғыз мемлекеті, Қыпшақ-қимақ конфедерациясы**, Қазақстан жерінің оңтүстігі мен қазіргі Орта Азия территориясында - араб халифатының вассалы

болған, **Хорезм мемлекеті де түркілер отаны болды.** Хорезмде отырықшы түріктер өмір сүрді.

Қазақстандағы Арал-Каспий алқабында IX-ғасырда қуатты мемлекет құрған **оғыздардың** XI-ғасырда қыпшақтардан ығысып, оңтүстік-батыс бағытында, Маңғыстау далалары, қазіргі Түркменстан (түркмендер-оғыздың бір бұтағы), Каспийдің оңтүстігі мен Иранның солтүстігі, қазіргі Әзербайжан (әзербайжан халқының негізі-оғыз), одан кейін қазіргі Ирак, Кіші Азиядағы Византия территорияларына экспансиясы(көшіп қоныстануы) жүріп, жаңа мемлекеттік құрылымдар пайда болды.

Жалпы түркі тайпаларының оңтүстік батысқа қоныс аудару процесін оғыздардан бастасақ, бұл қателік болады. Қазақстан территориясына арабтардың VIII-ғасырда келгенін есепке алсақ, исламға кірген түркілер оғыздардан бұрын-ақ, IX-ғасырдан баста, бұрын ала алмаған парсы жерлеріне өтіп, жорықтарын оңтүстік - батысқа бұрып, Әзербайжан, Закавказье, Кіші Азия, Сирияға дейін барды. Исламды қабылдаған түркілер халифке қызмет етті. Мұсылман басшысы халифке бағынып, оның дініне де өтті. Олар исламды сеніммен емес, бұйрық, тәртіп ретінде қабылдады. Халифтер түркілерге христиандардың жерін беру арқылы, ислам шеңберін кеңейтіп, солтүстік Сирия мен Кіші Азияның (Византия) шығысында түркі княздықтары IX-X-ғғ., оғыз экспансиясынан көп бұрын, пайда болды.

Византия мен араб халифаты арасындағы қайшылықты пайдаланып, халифтер жаңа жерлер жаулап алуға аттанған түркілерге қолдау көрсетті. **IX- ғасырдан бастап бұл процесс ұдайы жүріп, Түркістан мен Қытайдың шекарасынан батысқа ағылған түркілер легі тоқтамады.**

Иран, Византия, Сирия мен Месопотамияда тамыр жайған олар ірі әскери қызмет атқарып, ірі жер иелеріне айналды. Олардың әскери қызметтегі ерекше ролі басқару билігін алуға мүмкіндік туғызды. Ұнамаған өкіметті орнынан түсіріп, біртіндеп өз қолбасшыларын билікке қойды.

Осылайша, XI-XIII-ғасырларда Батыс Азияда, қазіргі Таяу Шығыста, қуатты ортағасырлық түркілік империялар - Селжүк, Ғазнауи, Осман (Түркия) мемлекеттері қалыптасып, әлемдік тарихта шешуші роль атқара бастады.

XI-ғасырда Оғыз мемлекетін күйретіп, қуатты мемлекетке айналған **Қыпшақ конфедерациясы** XIII-ғасырда әлсіреп, қазіргі Қазақстанның батысындағы **қыпшақтардың иеліктері** орыс жерлерімен шектесіп, жекелеген **қыпшақ хандары орыс княздерімен саяси байланысқа түсті.** Бұл туралы Л.Гумилевтің «Қиял патшалығын іздеу», «Ежелгі Русь және Ұлы Дала» еңбектеріндегі тұжырымдары ерекше құнды.

Сонымен қатар, XIII-ғасырдың басында Еуразияның шығысында, Орталық Азияда (қазіргі Монғолия территориясында) жаңа қуатты түркілік мемлекет –Шыңғысхан бастаған монғол

мемлекеті пайда болып, әлемдік тарихқа зор өзгерістер әкелді.

Л.Гумилев Шыңғысхан мемлекетінің далалық дәстүрді жалғастырған, Еуразиядағы ежелгі замандардан бергі кезеңдердегі қуатты түркілік - Хұндар мен Ұлы Түрік және Екінші Түрік қағанаттарының мұрагері болғандығын атап көрсетеді. Ұлы ғалым хұн, түріктер, моңғол, қазақ атауларын этнонимдер деп қарастыра келіп, осыларды құраған тайпалық бірлестіктердің бұрынғы КСРО-ның түркі халықтарының атабабалары болғандығын этногенез теориясы арқылы дәлелдейді. **Қазақ этносының моңғолға қатысы туралы** ғалымның талас тудырмайтын тұжырымдарымен санасуға тура келеді.

Соңғы кездегі тарихи пікірталастар **моңғол** терминінің **Шыңғысхан заманында әскери-әкімшілік мағынада** қолданылғанын, оның **этнонимге** айналуы XY-XVI-ғасырларда жүзеге асты дейді.

Тарихты қанша бұрмаласа да, **барды жоқ ету** мүмкін емес. Дүниежүзілік тарихта түркілік империялар мен мемлекеттер тарихы хатталып қалды.

Бейбарыстың Қыпшақ жерінде құлдыққа түсіп, жер-ел асып, Египетке жетіп, мамлюк (ақ құл) болуы XIII-ғасырдағы Шыңғысханның әскерінен 1236-1238 жылдары жеңіліп, тоз-тоз болып, Еуропа мен Византияға қашқан қыпшақтар босқыны сияқты тарихи оқиғалармен тікелей ұштасады.

Осыған орай жалпы XI-XIII-ғасырлар тарихында әлемдік саясатта түркілік мемлекеттер мен ұлыстардың басым роль атқарғанын атап көрсету қажет. Бұл жаңалық емес, белгілі нәрсе, тек мәселе - бұл фактінің еуропалық және орыс тарихнамаларында айқын айтылмауы, бүркемеленуінде болып отыр.

Алайда қыпшақтар тарихын зерттеуде тұтастық пен тереңдік жетіспейді. Тіпті Ресей тарихшылары да **қыпшақтарды** тарихта **өткінші халық ретінде** бағалап, оның қазіргі қазақтарға қатыстылығын ашып айтпайды. Бейбарыстың Дешті – Қыпшаққа кіретін ру – Берішке қатыстылығын дәлелдеу үшін, орыс тарихшылары да, батыс тарихшылары да жете түсіне алмаған Еуразиядағы әртүрлі түркі халықтарының із-түзсіз жоғалу процесін этногенез арқылы түсіндірген Л.Гумилевке жүгіну қажет.

Ол әлемдік тарихтағы халықтардың, мемлекеттердің мәңгі өмір сүрмейтіндігін пассионарлықпен дәлелдейді. Яғни халық немесе ұлт, мемлекеттердің аттары жоғалғанмен, оны құрайтын адамдар жойылып кетпейді. Жаңа пассионарлық негізде басқа бір халықтың құрамына кіріп, жаңа этносты қалыптастырады[7].

Бұл мәселе төңірегінде қазір қазақстандық көрнекті тарихшы-ғалымдар Б.Ермұқанов, Б.Көмеков, С.Өтениязовтың пікірлері мен Т. Омарбеков, «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы ғалым-

дарының жаңаша тұжырымдары көңіл аударарлықтай. Қазақстанның ежелгі және орта ғасыр кезеңдерінде әртүрлі атпен тарихи сахнаға шыққан мемлекеттердің негізі – ру-тайпалар деген тұжырым жасалып, **осы рулар** Дешті Қыпшақтың да, одан бұрынғы тарихи бірлестіктер – **Түрік қағандығының, түргештер, қарлықтар, қимақтардың, Карахан мемлекеті және т.б. негізі болды, мемлекеттер ыдырағанмен оның атомы – рулар басқа атаумен шыққан жаңа мемлекеттердің құрамына кірді** деген тұжырым мақұлданды [8].

Осы тұрғыдан Бейбарыстың тегі–**түркі**, оның ішінде **Қыпшақ**, қыпшақтың **Беріш** тайпасынан шыққандығын дәлелдеуге болады. Яғни XI-XIII ғғ. Қыпшақ мемлекеті құрамына кірген Беріш тайпасы кейін XV-ғасырда Қазақ атауымен бой көтерген мемлекеттің де құрамына кірді.

Қыпшақ конфедерациясына кірген Беріш руы қазір де сол бұрынғы ата қонысы–Каспий жағалауын мекендеп, Кіші жүздің Байұлы тайпалық бірлестігі арқылы қазақ халқының құрамына кіреді.

Бейбарыстың қыпшақ баласы екендігін тарихи оқиғаларды салыстыру, талдау арқылы айқындауға болады. Оның туған, құлдыққа түскен жылдары монғолдардың Қыпшақ жерін жаулап алу кезеңімен сәйкес келеді. Беріш руының Қыпшақ конфедерациясының бір бөлігі екенін орыс деректері арқылы салыстырға болады. Оны кезінде М.Тынышпаев, Х.Әділгерев те жазды [9], қазіргі кезде қазақстандық тарихшылар бұл тұжырыммен толықтай келіседі.

Осыған орай Беріш руының Қыпшақ дәуіріне дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі жағдайын талдайық. Ресей деректеріндегі қыпшақтар бұл этнос ретінде әлсіреп, бұрынғы қуатынан айрылған халық.

Қыпшақтардың пассионарлық өрлеуі - Ұлы Түрік қағанатының, одан кейінгі Батыс және Шығыс түрік қағанаттары, Көк түріктер қағанаттары кезінде болды.

Бүкіл Кіші жүздің ортақ атауы – Алшын немесе алазон тайпасы Рашид- ал-дин, М.Кашғари, ибн Батута жазбаларында және отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулерінде айтылғандай, кейін Қыпшақ мемлекетінің ұйытқысы болды. Мысалы, Монғолиядан келген қазақ тарихшысы - Қ.Сартқожаұлы б.з. I-X ғасыр аралығында Орталық Азия, Моңғол үстіртін мекендеген түркі текті екі үлкен тайпалық конфедерация: “түркі” тайпалары және тоғыз-оғуздар бірлестігі болды, түркі-қыпшақ бес жүз жыл (таққа) отырды”, - деген негізге сүйене отырып, Түркі қағанаты 500 жыл осы түркі қыпшақтар билігінде болған. Билеуші тайпа қыпшақтар болған” – дейді [10].

Осы орайда, I-ғасырдан бастап, Қыпшақ мемлекетінің құрылуына дейінгі 10 ғасырда төрт теңіз арасында (Қара, Каспий , Арал теңіздері, Балқаш көлі) мекендеген Алшын тайпасының 23

руының аты КСРО-ның Еуропалық бөлігінің карталарында бар екендігін тарихшы В.В.Востровтың Тынышпаев деректері негізінде айтқан: пікірі [11] растай түседі.

IX-X ғасырларда Қимақ қағандығы құрамында болған Қыпшақтар X ғасырда батысқа жылжып, құрамына оғыз және печенег тайпаларын қосып алды. Оғыздар-Батыс Қазақстанда, печенегтер- Еділ, Дон аралығында болды. Сөйтіп, XI ғасыр басында батыс қыпшақтарды славяндар «половцы» , византиялықтар коман немесе куман деп атады. **Далалық және батыс** қыпшақтарының шаруашылық – мәдени ерекшеліктері болғанмен, қыпшақтар жайлаған территория – **Дешті-Қыпшақ** деп аталды. Сөйтіп XI ғасыр ортасында Ертіс пен Қара теңіз аралығындағы далалық жерлер қыпшақ хандарының жерлеріне айналды. XI –ғасырда Қыпшақтар Дон, Днепр жағалауына, Қара теңіз, Кавказға, одан әрі - оңтүстік орыс далаларына жетті.

Орыс-қыпшақ қарым-қатынасы ұзақ эволюциялық жолдан өтті. Гуздар мен печенегтерді жеңгендеріне масаттанған қыпшақтар жаулап алушы халық ретінде Русь шекараларынан 1054 жылы көрінді. 1068 жылы олар Альпиде орыс князьдарын талқандап, Шығыс Европаны жаулап алуға жақын-ақ қалған сияқты еді. Алайда орыс бекіністерінің қабырғалары олардың тегеуірін тоқтатып тастады, сонымен табан тірескен соғыс 1115 жылға дейін жүріп жатты. Бұл соғыста қыпшақтардың тайпалық одағы орыстардың бытыраңқы княздарының өзара араздықтарын да пайдалана білді. Бірақ қыпшақтардың табыстары баянсыз болды. Владимир Монамах ішке татуластықты орнықтырысымен, соғысты далалық өңірлерге ауыстырып, қыпшақтық одақтың тас-талқанын шығарды. Бұл, шын мәнінде, даланы жаулап алу еді. Қыпшақтар автономиялығын жоғалтпай, орыстармен одақ құрды [12].

Қыпшақтар туралы XI-XII ғасырларда шығыс жазба деректері де бар. Рашид-ад-Дин жазбалары бойынша қыпшақтар Оғыздардың 24 тайпасының бірі. XIV-ғасыр тарихшысы-Әбілғазы қыпшақтар туралы былай дейді: «...**Оғызхан заманынан Шыңғысханға дейін Дон, Еділ, Жайық, - 3 өзен аралығында қыпшақтан басқа халық болған жоқ. Олар 4 мың жыл бойы осы жерлерде өмір сүрді, бұл ел Дешті Қыпшақ деп аталды**» [13]. Біз бұдан қыпшақтар туралы әртүрлі мәліметтердегі ұқсастықты көреміз.

Л. Гумилев «...қыпшақтар Минусин ойпаңын біздің заманымызға дейін мекендеген, европакескіндес халық - динлиндердің батыс тармағы еді» деп, қыпшақтар туралы араб географы Шихаб ад-дин Яхияның олар «басқа түріктерден шалт қимылымен, сындарлы тұлғасымен, келісті кескінімен, дегдарлығымен ерекшеленеді екен» деген пікірін келтіреді [14].

Қыпшақ Конфедерациясының 92 руына - Беріш руының кіргендігін тарихта, топонимикада, антопонимикада қалдырған іздері көрсетеді. Бұл жөнінде М.Тынышпаевтың пікірінше географиялық карта бойынша Беріш руының жайлаған, көшіп-қонған жерлерін анықтауға болады дей келіп, өлкеганушы Б.Карашин Алтай, Красноярск аймағында Береш өзені, Берчикуль көлі, Буруш жартасы (Красноярск) бар. Осыдан батысқа қозғалаған Беріштер Тюмень облысында Бердюжье, Челябинск облысында Бердяуш, Ульяновскіде Барыш, Киров облысында Порош деген топонимдер қалдырғанын, Беріш терминіне қатысты топонимдер Украинада, Белоруссия, Молдова, Литвада бар: Барышевка, Бершадь, Бричаны (Молдова), Биржай (Литва) дейді [15]. Бұл пікір, әрине, талас тудыруы мүмкін. Дегенмен Беріш сөзінің үнемі өзгеріске ұшырағанын орыс жылнамаларынан көруге болады. Онда Қыпшақтардың атақты тарихи тұлғалары - Бурчевич, Бурцевич, Вобурцевич боп жазылған. Беріш этнонимінің орхан-енисей жазбаларында және хазар жазбаларында (бершілік) кездесетінін тарихшы **Б. Ермұханов** жазған [16]. **М.Тынышпаев** «Бурчевич» - Беріш баласы деген мағына беретінін айтып, орыс жылнамаларындағы X ғасырдағы қыпшақтардың ханы – Боняк Бурчевичті, 1055 жылы Всеволодка келген Болушты, 1095 жылы Монамах өлтірген Ақлан Бурчевичті, 1185 жылы Игорь жасағын талқандаған Елдечук Бурчевичті, 1235 жылғы орыстарға шабуыл жасаған қыпшақ Пурыш туралы жазады [17]. Бұл жерде арасы ғасырдан аса уақытқа созылған оқиғалардан Бурчевич – бұл әкесінің аты емес, рудың аты екендігі туралы болжам жасайды. Яғни Беріш руы ертеде пайда болғанын көрсетеді.

Қ.Салғарин да Тынышпаевқа және орыс жылнамаларына сүйене отырып, «половецтердің (қыпшақтардың) Русь жерінің шекарасында пайда болуы -1055 жыл екендігін көрсетеді. [18].

Бейбарыстың шыққан тегі Қыпшақ-Беріш екендігі оның өмірбаянында жазылған. Бір мәліметтерде ол Беріш руының Бахриддин деген **кедей отбасында** дүниеге келген делінсе, екінші бір деректе, оның шыққан тегі–**ақсүйек:** әкесі Жамақ, шешесі Әйек делінеді. Осы мәселеге байланысты барлық аңыз-әңгімелерді былай қойып, сұлтан Бейбарыстың биографтары мен тарихшылардың пікірін негізге алсақ, олардың бәрі оның қыпшақ тайпасынан шыққан түркі екендігін жазады.

Бейбарыс кей деректерде 10, келесі бір деректерде 11-14 жасында құлдыққа түседі, ендеше, оның өзі руын білмеуі мүмкін емес, сондықтан оның өмірбаянында жазылған **буржоглы** термині **беріштің** өзгертілген түрі деуге болады. Беріш этнонимінің негізінде – «бөрі» сөзі бар, яғни «қасқырдың бөлтірігі» деген мағына береді. *Сонымен қатар, қазақ тіліндегі Беріш сөзінің Қыпшақ дәуіріндегі айтылуы Буруш болып, қыпшақ*

және қазақ тілдерінің ерекшеліктеріне байланысты Беріш боп өзгеруі де мүмкін. Бұл жерде терминдер мен атауларды лингвистикалық талдау тұрғысынан да қарастырса, артық болмас еді. Себебі Қазақ шежіресі бойынша **Беріш бергінде пайда болған ру**, ал орыс жылнамаларындағы тарихи мәліметтер оны жоққа шығарып, Беріштің ежелгі ру екендігін дәлелдейді. **Сөйтіп**, Бейбарыстың балалық шағына дөп келген монғол шапқыншылығы кезіндегі **Котян, Боняк** атты қыпшақ хандарының **Бурчевичтар** болуы, Беріштердің қыпшақ конфедерациясында негізгі роль атқарғанын көрсетеді. **Бұл** Бейбарыстың Қыпшақтың Беріш руының ақсүйек, ауқатты отбасынан шыққандығы туралы мәліметінің шындыққа жақындығын көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Эпоха крестовых походов. Под редакцией Э. Лависса и А. Рамбо. Перевод М.О. Гершензона. Полигон Аст.” С-П. 1999. 1087 с. 1004-бет.
2. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т.1. СПб 1884. // История Казахстана в персидских источниках . IV том. С. 614. 82-83-бб., 85-б.
3. Семенова Л.А., Из истории Фатимидского Египта, М., 1974, с.152.; Закиров С. Дипломатические отношения Золотой орды с Египтом (XIII-XIV вв.) Академия наук СССР. М. 1966.; Босворт К.Э. Мусульманские династии. М.1971, Нашествие варваров: появление тюрок в мусульманском мире. / Мусульманский мир.950-1150. М. 1981.
4. Пензев К. Великая Татария. История земли Русской . М.2006. 162-б.; 177-178бб.
5. Марғұлан Ә. Шығармалары. III-IVтт. Алматы, 2003; Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории Средневекового Казахстана. А. 1989. с. 264; Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы "Санат", 2001, с. 38; Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. А.1987; Саки Қ. Сұлтан Бейбарыс. Астана. 2000; Батыршаұлы Б. Мысыр мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. Алматы, «Экономика». 2005. 352-б.
6. Карашин Б. Бейбарс: эпоха и личность. Ақтөбе. «А-Полиграфия». ЖШС. 2003.132-150бб.; Жүсіп Қ.Ө. «Таңғажайып Бейбарыс». Атырау 2001; Нығмет Ғ.Н. Бейбарыс және Үстірт//Мұрағат деректері –халық қазынасы. Алматы. 2004. 75-81бб.
7. Гумилев Л.Н.Каспий айналасындағы мыңжылдық. Баку. 1999.5-б.
8. Салғарин Қ. Ұлы Қағанат. Астана . 2008. 82 –б.;
9. Адильгереев Х.М. К истории образования казахского народа. Вестник АН Каз. ССР, 1951. № 1.
10. Сарткожаұлы Қ. Байырғы түркі тілі және графикасы // Тіл және қоғам. № 1, 2004, 109-111-б.
11. Вопросы этнографии, истории и антропологии Казахстана. А-Ата, 1962, с.75.
12. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу Алматы 2000.; Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М.; 1989.;
13. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы. 1992.
14. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу Алматы 2000. 100-106-бб.

15. Карашин Б. Бейбарс: эпоха и личность. Ақтөбе. «А-Полиграфия». ЖШС.2003.132-150бб. 17. Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы. Қазақ университеті. 1993.95-98бб.
16. Ермұқанов Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. А.2000. 18. Салғарин Қ. Көмбе. Алматы, «Жалын». 448-б.

Рецензент: д.и.н., профессор Батырбаева Ш.Дж.
